



# ҚАЗАҚ

# УНИВЕРСИТЕТІ

№ 10 (1315) 24-желтоқсан, 2002 жыл



Газет 1948  
жылдың 20  
сәуірінен шыға  
бастады

## Мерекелік лебіз



Сіздерді алда келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Артта қалған Жылқы жылында азат реңді, ақберен рухты Қазақ елінің асыл мұраттарын баянды ету жолында аз шаруа тындырылған жоқ. Елге тұтқа болар басшы азаматтардың көреген саясаты, іскерлік қарым-қабілетті болашаққа деген сенімді бекіте түскені анық. Әрине, бұл тұрғыда өз кәсіптерін терең де жан-жақты меңгерген кәсіби мамандардың қосқан үлесі теңдесіз екені даусыз.



маңызды. Демек, жаңа жыл тағы да жаңа бағытқа жол бастар, бергенімізден береріміз көп жыл болмақ.

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын, ардақты ұстаздар мен шәкірттер қауымы! Тәуелсіз Қазақстанның келешегі жарқын жетістіктерге толы болып, осынау қой жылында сан ғасырлар бойына бабаларымыз армандап келген «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман орнағай! Жаңа жылда жаңа табысқа жете беріңіздер, егемен елімізге тыныштық, отбасыларыңызға береке-бірлік, дендеріңізге саулық тілеймін!

Өздеріңізге деген зор құрметпен  
Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың ректоры  
Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ

## Қой жылында тыныштық болғай

### Құрметті әріптестер! Қадірлі шәкірттер қауымы!

Ендеше, біздің университеттен тәлім алған азаматтар да Қазақстанның әлемдік дидарын қалыптастыруда, әлеуметтік-экономикалық қуат-күшін арттыруда және рухани-моральдық ресурстарын байытуда өзіндік интеллектуалдық қуат-білігін жұмсауда деп білемін. Сіздер, бүгінгі студент, ертеңгі мамандар, міне, егемен елімізді бар күш-жігерлерімен алға сүйреп келе жатқан сондай қажымас қайрат иелері саналар аға-апалардың өнегелі үлгісін жалғастыруға тиістісіздер.

Сонда ғана біздің Тәуелсіз Қазақстанымыздың еңсесі биік, босағасы берік болмақ. Сондықтан да бүгінгідей Ел басына сын кезең туған аса жауапты шақта Сіздердің иықтарыңызға түсер салмақтың да ауыр болары заңды құбылыс. Бірақ келешек ұрпақтың алдында ұялмай тіке қарай алуымыз үшін қандай қиындықтарға да шыдай білуіміз керек. Тәуелсіздіктің халқымыз үшін оңайға түспегенін ескерсек, мемлекетімізді аяғынан тік тұрғызу жолында сіз бен бізге мұндай қиындықтар қажет те. Сондықтан намысымызды жігерге жанып, үлкен қуатпен, үмітті ағыспен алға жылжысақ құба-құп. «Әрбір

американдық мен Вашингтоннан не алам деп емес, не берем деп еңбек еткенде ғана Американың болашағы нұрлы болмақ» депті бір отанын сүйген батыстық азамат. Дәл осы қағиданы өз еліне бағыштап өмір сүрер азаматтары көп болса, сол елдің ғана көкжиегі ашық болары хақ.

Елбасымыз «Ауыл жылы» деп ауыл экономикасы мен мәдениетіне үлкен мән беріп жатқанда сол ауылға қажетті сапалы мамандар дайындап, саналы ұрпақ тәрбиелеу біздің де міндетіміз деп білемін. Сондықтан осы жолдағы ұстаз бен шәкірттің шығармашылық шабытын шындап, білім көкжиегіне сеніммен ұмтылуы

## БҮГІНГІ

САНДА:



2-бет

## Құқығыңды қорлатпа



3-бет

## ҒЫЛЫМДА БАҒЫНДЫРАР БИІК АЛДА



1-5-беттер

АСҚАҚ РУХ  
СЫЙЛАҒАН  
ҮШ КҮН



6-бет

Традиционная и тестовая формы экзамена: преимущества и недостатки

## 3. Қабдолов - 75

# Академик-жазушының асқарлы белесі

Желтоқсан айының 12 жұлдызында ҚазҰУ Ректоратының 15 қабаттағы мәжіліс залында ҚР ҰҒА-ның академигі, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан мен Қырғызстанның ғылымдарына еңбегі сіңген қайраткер, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнолла Қабдоловтың 75 жасқа толуына орай мерейтой болып өтті.

Мерейтойға академик-жазушының әріптестері, шәкірттері, жерлестері және сөз зергерінің талантына табынушы көпшілік қауым қатысты. Мерейтой салтанатын университет ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов кіріспе сөз сөйлеп ашып, ғалымды абыройдың асқар биігіне көтерілген бүгінгі мерейлі жасымен университет ұжымы атынан құттықтап, иығына шапан жауып, арнайы сыйлығын табыс етті. Академик-жазушыны бұдан кейін Ө.Сұлтанғазин, С.Сартаев, Ә.Қайдаров, С.Қирабаев, С.Қасқабасов, Ә.Дербісәлі, т.б. қазіргі қазақ

ғылымының қабырғалы өкілдері құттықтап, мерейтой иесінің әдебиеттану ғылымының дамуына, қалыптасуына сіңірген ұланғайыр еңбегіне жан-жақты баға берді. Қазақ ғылымының майталмандары барлығы бірауыздан тарлан тұлғаға ұзақ ғұмыр кешіп, алдағы уақыттарда да шығармашылық шабытынан танбай, сан мыңдаған оқырмандарын сүбелі туындыларымен сусындата беруіне тілектестігін білдірді. Әсіресе, Бас мүфти Ә.Дербісәліның құттықтау сөзінің біссіміласын аят оқумен бастағаны өте әсерлі шықты. Сондай-ақ, бүгінде қазақ халқының рухани жаңаруының бір өзегі - исламға бет бұруына үлкен үлес қосып жүрген дін басшысы, филология ғылымдарының докторы, профессор, белгілі арабтанушы ғалым өзінің еңбек жолын 1977 жылы осы университетте 3.Қабдоловтың кафедрасында ассистент болып бастағанын айта келіп, ұстаз иығына шапан

жауып, қасиетті Құранның жақында қазақ тілінде шыққан жаңа басылымын тарту етті. Ал өз кезегінде тарлан тұлға қасиетті кітапты қос қолымен аялай ұстап, маңдайына тигізіп, тәу етіп қабыл алды. Шындығында да, қазақ әдебиеті тарихындағы бағалы барымызды өзіндік өзгеше өрнектерімен байыта түскен, туған тіліміздің қадір-қасиетін тереңірек ұғындыруға арналған «Сөз өнері», мұнай өндірісі тақырыбын алғаш рет көркем дүние аясында қарастырған «Жалын» және «Үшқын» романдары, шәкірттің ұстазды ұлықтауының шырқау биігі сомдалған «Менің Әуезовім» романы, т.б. зерттеу еңбектері мен көркем туындылары талай әдебиетке құштар келешек ұрпақтың талап-тілегін тап басып, қажетіне жарай берері сөзсіз. Кеш барысында жазушының туған жері Атырау өңірінен-келген өкіл мерейтойға байланысты арнайы өкелген сый-сыяпатын табыс етіп, сонымен қоса дәл сол күні Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде осынау атаулы датаға орай ғылыми конференция өткізіліп жатқанын, жақында қала орталығында З.Қабдолов атындағы жаңа кітап дүкені пайдалануға берілгенінен хабардар етті.

Осындай жетпіс бестің белесіне қажымай-талмай, мағыналы ғұмыр кешіп жеткен ұстаз-ғалым талантын құрметтейтін қалың жұртының ыстық ілтипатына бөленді.

Сәндібек ЖАНИҰЛЫ



### Зейнолла ҚАБДОЛОВ:

Бұл адам өмірінің әрі қызық, әрі қиын тусы екен.

Қызық болатыны - өзің талантына табынып, қадірі мен қасиетіне ғұмыр бойы бас иіп өткің келетін талай ағаларының жасай алмай кеткен жасын жасап, ұялмай-қызармай сол ағаларына аға болған кезін. Мен бүгінде, мәселен, өзгелерін өз алдына қойғанда, әдебиеттегі Әуезовтің, ғылымдағы Сәтбаевтың, білімдегі Жұмалиевтің, өнердегі Жұбановтың жасы үлкен ағасымын. Ағаларды айтасың өзіме өмір сыйлаған Анам мен Әкемнен 20 жас үлкен екенмін (олардың екеуі де бірімен-бірі уәделесіп қойғандай, 55-те дүние салған).

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» дегенде Абайдың жасы қырықтың екеуінде ғана болған. Мұхаң (Әуезов) лекциясын бастар алдында осы жәйтті қайта-қайта есіне алып, әрі таңданып, әрі тамсанып отырушы еді.

Ал менікі - 75!

(Академик-жазушының университетімізде өткізілген мерейтой мінбесінде туған толғанысынан үзінді)



**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС**

2002 жылғы 26 қарашада өткен Ғылыми Кеңестің кезекті мәжілісінде А.Нұрмағамбетов «ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық байланыстары: бағыты және ынтымақтастық болашағы жөнінде», сондай-ақ, проректор Ж.Дәдебаев Ғылыми Кеңестің 27.11.2001 жылғы «Механика-математика факультетінің қазақ бөлімінде мамандар даярлау сапасы жөніндегі» Қаулысының орындалуы туралы, проректор Н.Омашев Ғылыми Кеңестің 22.01.2002 жылғы «Факультеттер мен бөлімшелердегі іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізу жағдайы жөніндегі» Қаулысының орындалуы туралы хабарламалар жасады. Проректор А.И.Купчишиннің Докторантураға және аға ғылыми қызметкер қызметіне қабылдау үшін талапкерлердің жеке істерін қарауға байланысты комиссия шешімін бекіту туралы ақпары тыңдалды.

**РЕКТОРАТ**

Желтоқсан айының 10 жұлдызында өткен Ректорат мәжілісінде проректор Ж.Дәдебаев Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлар құрамының XXXIII ғылыми-әдістемелік конференциясына дайындығы жөнінде хабарлама жасады. Сондай-ақ, оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.Асановтың қысқы емтихан сессиясына дайындық жөніндегі және штаб бастығы А.Олиничконың ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай штабының қызметін ұйымдастыру жөніндегі хабарламалары тыңдалды.



**Оқыту саласындағы соны өзгерістер**

Желтоқсан айының 13-жұлдызында университеттің Оқу-әдістемелік басқармасы Кеңесінің отырысы болып өтті. Мұнда, негізінен, Кеңестің жұмыс жоспары мен құрамын бекіту, Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру жүйесін дамыту концепциясы, жоғары кәсіби білім берудің жаңа

әдістемесінің жобасы, университеттердің Еуразиялық ассоциациясының оқу-әдістемелік орталығында өткен отырыс қорытындысын талқылау мәселелері қамтылды. Отырысқа Қазақстан Республикасы аймағындағы жоғары оқу орындарынан өкілдер қатынасып, жоғарыда аталған мәселелерге

**Білім - өмір шырағы**

қатысты өз көзқарастарын ортаға салды. Жарыссөз барысында проректор Ж.Дәдебаев мақсат еткен мәселелерді шешу үшін, Қазақ ұлттық университеті ОӘБ-ның 2002-2003 оқу жылына арналған жұмыс жоспары және мәжіліс жоспары жасалғанын айтып өтті. Осы жобаларды отырысқа қатысқан өкілдерге таратып беріп, келесі бас қосуда жобаларға байланысты

ұсыныстары мен толықтыратын тұстары болса, жинақтап қорығып, кең көлемде талқыға салуға өзін екендіктерін білдірді. Сондай-ақ, жақын уақытта типтік оқу бағдарламалары мен оқулықтарға да назар аударғалы отырғандығына тоқталды.

Өз тілшімізден

**Конференция**

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ**



Конференцияға университетіміздің 10 факультетінен 19 өзге ұлт студенті қатысып, мамандығына және басқа да тақырыптарға байланысты мемлекеттік тілде жазған баяндамаларын оқыды. Баяндамаларды тыңдау барысында 3

негізгі талап қойылды: баяндаманың мазмұндылығы, студенттің оқу мәнері, тілді игеру деңгейі. Конференцияда баяндама оқыған студенттер арасында тақырыбының өзектілігі, қызықтылығы жағынан да, мемлекеттік тілді игеріп, ойын

28 қараша күні ҚазҰУ-дың конференц-залында «Мемлекеттік тіл — менің тілім!» атты өзге ұлт өкілдері арасында студенттердің ғылыми конференциясы тілдерді дамыту бөлімінің жартыжылдық жоспарына сәйкес өткізілді.

осы тілде еркін жеткізе білу жағынан да, оқу мәнерлігімен, шеберлігімен де тыңдармандардың назарын өздеріне ерекше аударта алғандар болды. Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Н.О.Омашев басқарған қазылар алқасы

баяндамаларды аталған талаптар бойынша саралады. Оқу мәнері, тілді игеруі, баяндама мазмұндылығы жағынан төрт студенттің жұмысы үздік саналды. Олар: М.Берегованың «Қазақ есімдері тарихынан», Н.Шаламованың «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», Дэви Кириллдың «Биология — ғылымдардың ғылымы» және Е.Сергиенконың «Ғасырлар тоғысындағы Корея» атты баяндамалары. II-орын шығыстану факультетінің студенті Завьялова Маринаға «Қазақ дәстүріндегі шілдеhana тойы» баяндамасы үшін берілді. III-орынға халықаралық қатынастар факультетінің студенті Ян Михаил лайық деп танылып, қалған 13 студентке белсенділігі үшін алғыс жарияланып, естелік сыйлықтар тарту етілді.

Конференция қызықты, мазмұнды өтіп, жақсы әсер қалдырды.

Өз тілшімізден

**Асабай Мамытов - 90**

**Заңгер тұлғаның жарқын бейнесі**

Желтоқсанның 13-жұлдызында ҚазҰУ-дың Ректорат ғимаратының 15-қабатындағы мәжіліс залында көрнекті заңгер ғалым, қоғам қайраткері Асабай Мамытовтың 90 жылдығына орай салтанатты отырыс, еске алу кеші болып өтті.

Басқосуды университет ректоры Т.Ә.Қожамқұлов кіріспе сөз сөйлеп ашып, онда ғалымның еліміздегі заң ғылымының қалыптасуына, дамуына сіңірген ересен еңбегіне тоқталды. Сонымен қатар бас қосуға ғалым-ұстаздың өрістестері, шөкірттері қатысып, үлкен тұлғаның адамгершілік, еңбекқорлық қасиеттері жөнінде кеңінен өңгіме қозғап, естеліктер айтты.

Асабай Мамытовтың кезінде Алматы облыстық сотының төрағасы, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Төрағасының орынбасары, Республика Прокуроры секілді жауапты қызметтерді абыроймен атқарды. Орасан зор ұйымдастырушылық қабілетімен, тәжірибелік және теориялық біліктілік деңгейінің жоғарылығымен араласқан ортасында ерекше сый-құрметке бөленді. Ұстаздан тәлім алған шөкірттері, бүгінгі еліміздің заң саласының беделді мамандары Асабай Мамытовтың қарапайымдылығын, іскерлігін әрдайым өздеріне өнеге тұтатын.

Заң саласының танымал қайраткері ретінде Асабай Мамытовтың Жоғарғы Соттың Пленумының Қаулыларын өзірлеуде көп үлес қосты.

Сондай-ақ, ұстаз-ғалым қылмыстық құқық бойынша жоғары оқу орындары үшін қазақ тілінде жазылған алғашқы оқулықтың авторы ретінде де белгілі.

Өз тілшімізден

**Тұсаукесер**

**Жаңарған ғимараттағы рәсім**

Желтоқсан айының 13 күні ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті оқу ғимаратының күрделі жөндеуден өткізілуіне байланысты тұсаукесер рәсімі болып өтті. Ашылу салтанатын университеттің ректоры Т.Ә. Қожамқұлов құттықтау сөз сөйлеп ашып, тұсаукесер рәсімінің лентасын қиды.



Оқу орны басшысы өз сөзінде университетіміздің қазіргі замандағы қомақты қаржыны қажет ететін мұндай мүмкіндікке қол жеткізуіне Елбасы ұстанған саясаттың нәтижесінде еліміздің экономикалық жағдайының жақсаруының үлкен ықпалы тиіп отырғандығын ерекше атап өтті. Сондай-ақ, мәдени шараға қатысқан Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.К. Бижанов және факультет деканы Ғ.Есім осынау қуанышты оқиғаға орай өздерінің ризашылық сезімдерін білдіріп, бүгінгідей заманның қиын-қыстау кезінде студент жастардың тыңғылықты білім алуына оң әсерін тигізер ізгі шараны қолға алып, қолдау-ниет көрсеткені үшін университет басшысына алғыстарын айтты. Сонымен бірге факультет ұжымы атынан сөз алған ардагер ұстаз, профессор М. Әженов бұл ғимараттың 1984 жылдан бері алғаш рет жөндеуден өткізіліп тұрғанын айтып, дер кезінде қолға алынған шара екендігіне тоқталса, факультет студенті Г.Борбасова да өздерінің жан-жақты білім алуына қолда бар мүмкіндікті аямай, әкелік қамқорлық танытқандары үшін іс басындағы ағаларға алғыс айтып, алдағы уақыттарда бұл сенімді абыроймен ақтауға бар күш-жігерлерін арнайтындықтарын жеткізді. Осынау тілектермен жалғаса салтанатты рәсім барысында факультеттің өнерлі студенттері жиналған қауымға өз күштерімен дайындалған концерттік бағдарламаны тарту етті.

Өз тілшімізден

**Форум**

2002 жылдың 6 желтоқсанында Алматы қаласындағы Алатау санаторийінің мәжіліс залында «Азаматтардың әлеуметтік-еңбектік құқықтары мен бостандықтары саласындағы халықаралық стандарттар және олардың Қазақстан Республикасы заңдарына ықпал етуі» деген атпен халықаралық форум болып өтті.

**Құқығыңды қорлатпа**

Осымен екінші рет өткізіліп отырған халықаралық форумды ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ОБСЕ) Алматы қаласындағы Адам құқығы және демократиялық институт орталығы ұйымдастырған еді.

Халықаралық форумды ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың проректоры С.Шалғымбаев кіріспе сөз сөйлеп ашып, бүгінгі бас қосудың мән-маңызына тоқталып, осындай қазіргі уақыттағы аса қажетті қоғамдық шараны ұйымдастыруға атсалысқан өкілдерге, келген қонақтарға шын жүректен ризашылық сезімін білдірді. Бұдан кейін сөз алған Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Адам құқығы және демократиялық институтының Орта Азиядағы алқасының координаторы Биргит Кайңц та маңызды бас қосуға жиналған қауымға ыстық лебізін арнады. Бүгінгі таңдағы қоршаған ортамыздағы адам құқығының сақталу нормаларының кемшін тұстарына қатысты сын-ескертпелер айтып, олардың алдын алуға бағытталған батыл ойларын ортаға салды. Биргит Кайңц ханымнан кейін мінбеге көтерілген ҚазҰУ-дың заң факультетінің деканы, заң ғылымының докторы, профессор Д.Байдельдинов аталмыш тақырып аясындағы мәселелерге орай өз ойларын айта келіп, форумның ұйымдастырылуына үлкен еңбек сіңірген ханымға ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, бұдан бұрынғы өткізілген форумның материалдарынан құрастырылған 2 томдық кітапты сыйға тартты.

Форум барысында айтылған алуан түрлі жарыссөзге негізінен адам құқығының аяқ асты болмауы, еңбек нормаларының өрескел



бұзылуына жол бермеу, еліміздегі осы бағытқа арналған жұмыстарды жандандыру мәселелері өзек етілді. Көпшілік қауым алдында сөз алған Халықаралық еңбек ұйымының эксперті В.Савинов, Қазақстандағы ГФР-дың төтенше және өкілетті елшісі П.Кеттнер, ҚР Парламент Сенатының мемлекеттік құқықтық эксперттеу және талқылау бөлімінің меңгерушісі, заң ғылымының докторы, профессор Е.Нұрғалиева, ҚР Президент әкімшілігінің мемлекеттік-құқықтық бөлімінің Мемлекеттік инспекторы К.Наратау, ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінің кафедра меңгерушісі, доцент С.Айдарбаев, т.б. тәрізді заң саласы мамандарының ой-пікірлері бір арнада тоғысты. Бас қосуды заң факультетінің кафедра меңгерушісі, доцент Т.Абайдильдинов жүргізіп отырды. Бағдарлама бойынша азаматтың еңбек құқығының халықаралық стандарты және осы заңдылыққа сәйкес азаматты әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қорғау мәселелерін талқылаған екі секция жұмыс істеді.

Өз тілшімізден





Жылдағы дәстүрмен тәуелсіздік күні қарсаңында ҚазҰУ-дың Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында «Менің Қазақстаным!» II-фестивалі 11-13 желтоқсан аралығында аталып өтті. Мақсат – жастардың бойындағы өнерге деген қабілеттерін ашып, рухани құндылықтармен сусындату, олардың өзара қарым-қатынас жасауына, білім, өнер айдынында достар табуына көмектесу. Айта кететін тағы бір ерекшелік – фестиваль тек студенттер арасында ғана емес, қызметкерлерді де қамтыды. Сондықтан мұндай фестивальдерді ұйымдастырудың тәрбие ісінде берері көп-ақ.



• Темірқазық

**Ш.К.БЕРКИМБАЕВА, ҚР Білім және ғылым министрі:**

«...ең басты міндет – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін, ділін қастерлейтін және оны жалпы адамзаттық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін елшіл тұлға тәрбиелеу.»

«Жас Алаш» газеті.  
14 желтоқсан, 2002 жыл.

# АСҚАҚ РУХ СЫЙЛАҒАН

## БІРІНШІ КҮН

Фестивальдің алғашқы күні химия факультетінің профессоры Х.А.Суербаевтың көркемсурет жанрындағы туындыларының көрмесі мен университетіміздің қызметкері, Баспасөз қызметінің фотографы Мамыржан Ботабековтің «ҚазҰУ-дың аққу арулары» атты фотокөрмесінің ашылуымен басталды. Осынау өнер туындыларының көрмесін университет ректоры, профессор Т.Ә.Қожамқұловтың құттықтау сөзімен ашуы – бұл шараның маңыздылығын арттыра түсті.

Х.А.Суербаев сынды суретші ағамыз өз өнерлерінің жиынтығымен өткізіліп отырған көрмені ҚазҰУ-дың алдағы келе жатқан 70 жылдық мерейтойына арнады. Ағамыздың қаламынан туындағаны көркемсурет туындыларында өнер иесіне тән талғампаздық, суреттерінің ерқайсысына тән шеберліктің ізін көру қиын емес. Көрмеде бұл кісінің тек суреттері ғана емес, әр түрлі заттардан жасаған өнер бұйымдары, ойылып істелген мүсіндері де қойылды. Бұл өнер туындылары – табиғаттың өзінен сурет, әр түрлі бейнедегі мүсіндер жасауға ұмтылған үлкен фантазияның жемісі.

Ал Мамыржанның қолтаңбасынан шыққан тамаша суреттердің өзі оның шығармашылық ізденістерін, өнер жолындағы қарымды қабілетін байқатып өтті. ҚазҰУ-дың аруларын түсірген суреттерінің ерқайсысына мән берсеңіз, ару қыздар Мамыржанның суреті арқылы одан әрі ажарлана түскен сияқты. Оларды түсіру барысындағы фотограф ретіндегі жас өнер иесінің талғамы, түсіру орнын тандап алудағы шеберлігі, арудың келбеті мен болмысын аша түсуге деген талпынысы көрмеге дайындалып түсірілген әр суреттің өн бойынан байқалып тұрды.

Аталған шараның өз деңгейінде ұйымдастырылуы да өнер иелерінің шығармашылығына шабыт беріп, өзгенің көңіліне рухани талғам сыйлағаны анық.

Осы күні университеттің дарынды студенттерінің қатысуымен музыкалық концерттік бағдарлама қойылды. Концерттік бағдарлама қазақтың «Алтыбақан» ойынының аясында өтіп, өнерлі жастар ұлттық үрдісте киініп, сахна төрінде бір-бірінің өнерлерін

тамашалады. Бұл шағын сахналық қойылымның идеясы бойынша қойылым таптаурын болған сценарийден алпақтап, ұлттық нақышта, еркін сипатта, сахна төрінде, көрерменнің көз алдында өткендігінде. Сондықтан бұдан Студенттер клубының режиссеры Кенжебай Дүйсенбайдың тапқырлығын байқауға болады.

факультетінің магистранты, айтыскер ақын Төлеген Жаманов та актерлық саладағы шеберлік биігінен көріне білді.

Сондай-ақ, қазылар алқасының құрамына Қазақстан республикасының еңбек сіңірген өртістері Бақтияр Қожа мен Ғазиза Әбдінабиевалардың, Ғ.Мүсірепов атындағы Жастар мен балалар

театрының С.Есенқұлов, С.Рақышев сынды өртістерінің, «Жас Алаш» газетінің тілшісі Р.Ерботаның шақырылуы фестиваль деңгейін көтеріп тастағаны күмәнсіз. Бұл тұрғыдан университетіміздің тіл және тәрбие бөлімінің ұйымдастыру жұмыстарындағы еңбегін атап өту керек. Фестивальдің осы алғашқы күнінде ұлтымыздың болмысына тән салт-дәстүрлердің сахна төрінен басымырақ көрініс тапқандығын байқау қиын емес. Университетіміздің студенттері тек ғылым-білім саласында ғана емес, сахна өнерінде өздерінің қабілетті екендіктерін дәлелдей алды.

Осы кештен алған әсеріміз студенттер аудиториясының барабаншыл батыстан гөрі өзіміздің ұлттық мәдени құндылықтарымызға деген сүйіспеншілігі жоғары екендігін байқатты. Өз мәдениетіміздің эстетикалық тұрғыдан әлдеқайда биік тұрғандығына кім-кімнің де көзін жеткізді. Әлемнің операсы, балеті қазақтың биінен, өнінен ешқандай ерекше емес екендігіне, тек олардың экономикалық-саяси жағдайы үстем болғандықтан өздерінің өнерлерін тықпалап, насихаттай беретіндігіне тағы көзіміз жетті. Бұл ойды өз сөзінде белгілі әнші Бекболат Тілеуханов та нақтылай түсіп, әлемге аттары белгілі скрипкашы Айман Мұсаходжаева мен Гауһар Мырзабековалар, опера әншілері Нұржамал Үсенбаева мен Майра Мұхамедқызы, пианино шебері Жәния Әубәкіровалар өз репертуарларына халық әуендерін қосып шырқағанда батыстық тыңдармандардың өздері де таңдай қағатындығын айтып өткен еді. Ендеше, мұның өзі біздің ұлттық өнеріміздің биігін дәлелдей алса керек.



## • Фестивальдан кейінгі ой

**Г.ӘЛІБЕКҚЫЗЫ, тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың орынбасары:**

Бізге фестиваль тек осы үш күнмен шектелді деп айта алмаймыз. Фестиваль осыған дейінгі әр түрлі жатақханалар арасында, факультеттер арасында ұйымдастырылған шаралардан басталған еді. Әсіресе, жатақханалар арасындағы өткізілген байқауларымыз өз деңгейінде өтті. Бұл шара қала жастары мен ауыл жастарының арасын жақындастырды. Қала жастары өнерге қабілетсіз деп саналып келген қағиданы жоққа шығарды. Жастар шығармашылық лабораториясына енді. Бұл біз үшін үлкен жетістік. Ал фестиваль – біздің осы оқу жылындағы жарты жылдық жұмысымыздың қорытындысы.

«Алтыбақан» аясында орындалған күйлер мен әндердің, билердің, қойылымдардың өзі де ұлттық рухтағы тәрбиеміздің айғағы бола алды. Орындалған әндердің дені халық әндері болып, «Белбеу тастау», «Ақсүйек» сияқты ұлттық ойындар ойналды. Әсіресе, бұдан бұрын «Қыз сыны» байқауында үздік атанған ару қызымыз Сана Шандыбаеваның «Біржан-Сара айтысынан» үзінді көрсету барысында Сара образын сомдауы тартымды шыққандығын айтып өту керек. Қызымыз жай ару емес екенін тағы бір дәлелдеп тастады. Біржан рөліндегі тарих



## Құттықтау

### СӨЗ

**Т.Ә.ҚОЖАМҚҰЛОВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры, профессор:**

Әрбір ұлттың әлем алдында өзін танытуы – үлкен мақтанш. Бұл ретте біздің Қазақ ұлттық университетінің де атқарар қызметі ерекше.

Ендеше, ұлттық өнерімізді насихаттау, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыздың желісін үзбей келесі ұрпаққа жеткізу – ең құнды парызымыз.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ осымен екінші рет «Менің Қазақстаным!» атты фестивалін өткізгелі отыр. Мақсатымыз – ұлттық құндылықтарымызды жарқырата көрсету.

Фестивальға ат салысқан барлықтарыңызға сәттілік тілеймін. Ұлттық өнерімізді дамыту жолында жасалған әр қадамымыз баянды болсын!



## ЕКІНШІ КҮН

Фестивальдің екінші күні «Мемлекеттік тіл - менің тілім!» атты басқа ұлт өкілдерінің арасындағы байқаумен жалғасты. Байқау барысында әр факультет өз өнерлерімен, қазақ тілін меңгеру қабілеттерімен көзге түсті. Алдымен, дайындық факультетінің студенттері сахнаға шығып,

дұрыс. Ең бастысы – осылардың барлығын да орыс бөлімінің студенттерінің орындауы.

Ал журналистика факультетінің студенттері Костя мен Александра қазақша мақалдарды қазіргі заман ағымына сай лайықтап, мағыналарын майыстырды. Әсерлі дүниелердің бірі десек, бұл нөмірге де әділ баға берілді.

Осыдан кейін сахнаға шыққан география, халықаралық қатынастар және биология факультеттерінің қойған қойылымдары да көпшіліктің көңілінен шықты.



саласынан берілген сәтті әсер болды.

Физика, механика-математика факультеттерінің атынан шыққан студенттер де тартымды өнер көрсетті. Байқау соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Күй тартылып, өлең оқылды, би биленіп, ән шырқалды. Оны ұйымдастырған да өнерлі студенттер еді. Қазылар алқасы өз өнерлерімен ерекше көзге түскен факультеттер мен студенттерді өз сыйлықтарымен марапаттап, табыстар тіледі.

Байқау соңы концерттік бағдарламаны тамашалауға ұласты.

Алпамыс пен Гүлбаршынның, Қамбар мен Назымның, Төлеген мен Қыз Жібектің бейнелеріне еніп, шынайы түрде өз рөлдерін ойнай алды. Жастардың осындай рөлде ойнауы ең алдымен қызық, екінші жағынан нағыз қабілетті қажет етеді. Сезімнің құшағына елітіп, кейде елегізіп, шынайы махаббатты аңсаған жастардың көңіліне, серігін іздеп сеніммен жүрген көкейлеріндегі сайраған армандарына бұл образдардың берген тәрбиелік мәні өз алдына бөлек тақырып, әсерін сөзбен жеткізгісіз қойылым, жастар үшін лайықтап тандап алынған байқау деуге де болады.

Бұл байқаудың тағы бір қыры – осыған дейін орыстармен бірге мерекеленіп келген махаббат күнін қазақ жастары үшін алмастыра алатындай күн болғандығында. Кешегі Қозы мен Баянға ұқсап бағудың өзі не тұрады.

Студенттердің әр қырынан танылған тұсы – осы үшінші күнгі байқау еді. Ондағы өнерге деген құштарлық пен көрерменнің қызығушылығын сөзбен жеткізу мүмкін емес.

Байқау барысында «Сырсымбатың жарасып», «Бірге соғар жүрегіңмен жүрегім», «Көңілімде сан сұрақ», «Шалқы, шабыт» номинациялары бойынша студенттер өз өнерлерін ортаға салды.

Фестивальда тек жарыс сезімі ғана емес, өнерге деген ынта-ықылас, қабілетті дәлелдеуге деген ниет, өнерліні шындауға деген лебіз, білуге деген ізденіс байқалды. Яғни фестиваль өз мақсатына жетті.

Фестивальдің жалпы үш күндік қорытындысында Шығыстану факультеті 63 баллмен, Халықаралық қатынастар факультеті 63 баллмен, биология факультеті 60 баллмен алғашқы үш орынды иемденді.

Фестиваль барысында өттеген-айлар мен қызықты оқиғалар да болмады емес. Сынақ ала алмай жүрген студентінің өнеріне тамсанған ұстазы ризашылықтан студентіне сынақ қойып беруге уәде берген жайттар да болды. Осындайда өнердің күдіретіне қалай бас имеске! Тіпті, студенттердің өнерлеріне, фестивальдің өту барысына қазылар алқасы ретінде фестивальға баға берген белгілі адамдардың «аттарыңызға істеріңіз сай орда екенсіздер» деп тамсануы да біздің университетіміздің атына абырой өперген лебіз болды.

Ең бастысы, фестиваль сөзімізді нақты іспен дәлелдеген шара болды.

Фестиваль барысында өзі сахнаға шықпаса да ұйымдастырушылық қабілетімен көп іс бітіріп, фестивальдің өз деңгейінде өтуіне ұйтқы болған жастардың бірі – филология факультетінің 4 курс

### ● Фестивальдан кейінгі ой

Л. ҚАЙЫПОВА,  
«Сұңқар» студенттер  
кәсіподағының  
төрайымы:

Биылғы жылы «Менің Қазақстаным!» II-фестивалі өте жоғары деңгейде өтті десек болады. Өйткені, ол фестивальда қазақ халқының ұлттық мәдениеті жастардың тарапынан сүйсіненділікке ие болды. Әсіресе, фестивальдің үшінші күні туралы айтар пікір ерекше. «Махаббат мәңгі ертегі» деп аталған бұл күн студенттердің өзекті де нәзік мәселелерінің бірі махаббат тақырыбына арналды.

Қазіргі таңда қазақ халқының махаббат айдынындағы тарихи тұлғалары ұмытылып, жастар арасында махаббат күнін атап өту «Қасиетті Валентина» деген атпен үрдіске еніп бара жатқандығы шындық. Бұл өлшемге салсақ, жоғарыдағы фестиваль жастар арасында ұлтқа бет бұруға деген үлкен қозғаушы күшке ие болғандығы анық.

студенті Ахметова Гүлмира болды. Сахна төріне шығып, өнерін көрсетпесе де, өнер атаулының сахна төрінен шығуына сеп болып, өзі марапатталып, мадақталмай қалған қызымыздың еңбегін неге атап өтпеске? Сондай-ақ, қалада өсіп тәрбиеленсе де экономика факультетінің 2 курс студенті Қансейітова Ақмаралдың сөз саптау мәнері көпшіліктің көңілінен шықты. Оның фестивальдің бірінші күнін жүргізуі де, Махаббат тақырыбына арналған байқауда Еңлік образын сомдауы да көрерменнің ғана емес, өнерді бағалай білетін қазылар алқасы мүшелерінің де көңілінен шықты. Ерекше көзге түсіп, марапатталған жастардың қатарына шығыстану факультетінің 2 курс студенті Әбсаттаров Дәулетті, химия факультетінің 2 курс студенттері Ермолдина Эльмира мен Мұқанов Бауыржанды ерекше атап өтіп, өнерге қабілетті қасиеттеріне ақ жол тілеген жөн.

Тағы бір ерекшелік – биылғы фестивальға былтырғыға қарағанда әлдеқайда көп студент қатысты. Яғни биыл 500-дей студент фестивальға қатысты. Бұл былтырғыға қарағанда көп деген сөз.

Ал өттеген-айға келсек, осындай өнерлі шөкірттерінің өнерін тамашалауға оқытушы ұстаздар да белсендірек келер ме еді деген сауал қалды көкейде.

Бекжан ӘШІРБАЕВ,  
Ербол ӘБДІРАСЛІОВ

# ҮШ КҮН

Оңтүстік Кореядан университетімізге келген студенттер «Сұшы қыз», «Мариям Жагорқызы» сияқты қазақтың небір ғажап әндерін шырқап, өздерін қазақ тілінде таныстырды. Олардың халықпен қазақ тілінде амандасып, өз аттарының мағынасын қазақша түсіндіруінің өзі көпшіліктің көңілінен шығып, разы етті.

Осыдан соң сахнаға химия факультеттерінің студенттері шығып, химия саласының қажеттілігін қазақ тілінде жеткізді. Өмірімізде қолданылатын, тұтынатын заттарымыздың барлығын да химияның арқасы деп түсіндірді. Артынан көріс, орыс студенттердің ауыл ақсақалының дәрігерге барып, өз ауруын өзі тауып қайтқан сахналық көрінісі тіпті қызықты шықты. Әсіресе, рөлді беріліп ойнаудағы шеберліктерінің өзі де тамсандырып тастады. Орыс



Гуманитарлық факультеттер атынан бірігіп шыққан студенттер де өз өнерлерін ортаға салып, тамаша ән орындап, би билеп, би мен әннің үйлесімін көрсетті. Экономика факультетінің

### ● Фестивальдан кейінгі ой

С.ШАНДЫБАЕВА, Сара образын сомдаған фестиваль жеңімпазы:

*Фестивальдің тәрбиелік маңызы өте жақсы болды. Мысалы, мен «Белбеу тастау» деген ойынды бұрын білмеуші едім. Осы фестивальдан оны жақсы біліп алдым. Барлық факультеттің студенттері фестивальға белсенді түрде қатысты. Бұл шара студенттердің өз өнерлерін көрсетуіне мүмкіндік берді. Тек орыс бөлімінің студенттері қатыспайды екен. Айталық, менің курстастарым қатыспады.*

*Соңында айтарым, фестивальдың әр жылғы бағдарламасынан ізденістер күтеміз.*

студенттері қазақ тілі сабағынан көрініс қойып, мәнді, мазмұнды өнер көрсетті. Қазақ даласының ерекшелігін, Қазақстан елінің өзіндік қасиеттерін, қазақ тілінің табиғатын өзіл сұрақ-жауаптармен сахнаға алып шыға алды. Қойылым негізінде өмірден алынған шындық та көрініс тапты. Осы факультеттердің арасынан эстрадамен әуестеніп жүрген экономика және бизнес факультетінің 2 курс студенті Тұрысбаев Асхаттың «Сенің көзің», заң факультетінің 2 курс студенті Захарченко Александрның «Боташым» әндерін кәсіпқой деңгейде орындауы да өнер

Байқау барысындағы көріністер мен қойылымдардың сәтті шығуы студенттердің сахна өнері мен оның табиғатын меңгергендігінің дәлелі болды.

## ҮШІНШІ КҮН

Бұл күні төрт түрлі номинация бойынша студенттер арасында байқау болып өтті. Бұл – «Махаббат – мәңгі ертегі» деп аталатын байқау еді. Әр факультеттен шыққан жұп тарихтағы, жырлар мен аңыздардағы махаббаттың символына айналған кейіпкерлерді сомдады. Олар Қозы мен Баянның, Еңлік пен Кебектің, Қалқаман-Мамырдың, Естай мен Қорланның,



*Әлемнің операсы, балеті қазақтың биінен, әнінен ешқандай ерекше емес екендігіне, тек олардың экономикалық-саяси жағдайы үстем болғандықтан өздерінің өнерлерін тықпалап, насихаттай беретіндігіне тағы көзіміз жетті.*

студенттердің қазақ тілінде таза сөйлеуі көпшілікті қуантып, қазақ тілінің мерейін тағы бір көтерді.

Ал Шығыстану факультеті халықтың сонау көне түркі дәуірінен кешегі тәуелсіздік алғанға дейінгі шежіре тарихын сахналады. Әр дәуірдің өзіне тән ерекше тұлғалары сахна төріне шығып, танымал сөздерін, өлеңдерін оқыды. Алғаш шыққан түрік қағанының көне түркі тілінде сөйлеуінің өзі неге тұрады, ең артынан тура Қайраттан айнымайтын (Қайрат Рысқұлбеков) студенттің Қайраттың өлеңін оқуы танымдық тұрғыдан, эстетикалық тұрғыдан болсын әсерлі шықты. Бұл да тапқырлық деп білген



Технология экзамена

В настоящее время в КазНУ им. аль-Фараби экзамены могут проводиться в традиционной (устной) форме, а также в нетрадиционных формах: письменной, тестовой (в интерактивном режиме или со сканерной обработкой) и комбинированной, состоящей из тестовой части и собеседования с преподавателем. Кроме того, по инициативе руководства университета в летнюю сессию 2001-2002 учебного года была введена альтернативная форма сдачи экзамена, при которой студент может выбрать форму экзамена индивидуально.

знаний, а не диплома, можно рассчитывать на то, что на тестировании будут реализованы все дидактические принципы, используемые в традиционной форме экзамена: *действенность, индивидуальность, дифференцирование, объективность и единство требований.*

Помимо всего этого, в нашем университете практикуется комбинированная форма экзамена, состоящая из тестирования и собеседования, где недостатки тестирования сглаживаются и корректируются самими преподавателями в процессе экзамена.

Попытаемся сравнить



## Традиционная и тестовая формы экзамена: преимущества и недостатки



Мы должны признать, что все эти меры предпринимаются именно для того, чтобы защитить интересы студентов, повысить объективность оценки знаний и значение итогового контроля. Поэтому утверждать, что тестовая форма экзамена, которая была введена в систему образования в последние годы, буквально подавила традиционную, апробированную временем форму у нас в университете никак нельзя. Кроме того, не стоит также утверждать, что к тестовой форме экзамена проявляется всеобщее неприятие. Потому что в КазНУ им. аль-Фараби форму экзамена выбирают в основном студенты сами, однако каждый преподаватель имеет право обсудить со студентами выбор формы экзаменационной проверки. При обсуждении этого вопроса можно заметить, что студенты, которые не утруждают себя занятиями, боятся сдавать экзамен по тестам и предпочитают устную форму, рассчитывая на личную расположенность экзаменатора или на его хорошее настроение. В течение многих лет

мы наблюдаем, что некоторые преподаватели сами изъявляют желание проводить экзамен в тестовой форме, так как это особенно удобно при оценивании общего уровня знаний большого количества студентов за короткое время. Причем, если тестовые вопросы охватывают все разделы и весь объем курса, то знания студента оцениваются вполне объективно, поскольку балл зависит только от его конкретных знаний, а не от мнения преподавателя в случае предвзятого отношения.

Для того чтобы достичь поставленных перед экзаменом целей, необходимо к нему относиться серьезно не только студенту, но и преподавателю: полностью и строго соблюдать технологию организации и проведения экзаменов, в том числе и тестовых экзаменов.

Только в случае качественно составленных тестовых заданий, соблюдения технологии проведения тестирования и проявления со стороны студентов личной мотивации к получению именно

преимущества и недостатки традиционной и тестовой форм экзамена.

Как традиционная, так и тестовая форма экзамена предполагают проверку знания по существу предмета, при этом требуется систематизация знаний по всему курсу. Здесь трудно сказать, что при традиционной форме экзамена можно охватить весь объем изучаемого курса, так как студенту преподаватель может задавать вопросы только в пределах 2-3 вопросов билета. А варианты тестов формируются по всем разделам и по всему курсу, при этом количество вопросов может быть от 50 (для естественных факультетов) до 100 (для гуманитарных). Кроме того, с помощью автоматизированной программы «Банк тестовых заданий» можно формировать по необходимости тесты одинаковой

всегда позволяет выявить дифференцированные, реальные, действительные знания студентов, так как каждый преподаватель имеет свои критерии оценки. Тестовый экзамен предъявляет студентам одинаковые требования, здесь существует эталон меры, и оценка является наиболее объективной и демократичной.

Как традиционная, так и тестовая форма экзамена может быть эффективной и индивидуальной только при соблюдении технологии проведения экзамена, при проявлении личной мотивации студента к получению глубоких знаний, при его серьезном отношении к экзамену, а также преподавателей к своим должностным обязанностям, в том числе к составлению качественных тестовых вопросов.

Ни традиционная, ни тестовая форма экзаменов не должны ставить перед собой цель проверить знания только один раз и только на экзамене, разобраться во всем только во время экзамена. В любом случае знания студента должны

оцениваться с учетом успеваемости в течение семестра. Кроме того, нельзя придавать традиционной форме экзамена «воспитательную роль», поскольку экзамен — это неотъемлемый элемент учебно-воспитательного процесса, а не орудие воспитания.

Традиционная форма экзамена проводится при непосредственном и живом общении преподавателя со студентом. Однако это имеет свои

недостатки, так как здесь может присутствовать субъективный фактор, и преподаватель может поставить заниженную оценку какому-то студенту, имея личную неприязнь к нему из-за плохого отношения этого студента к занятиям или пропусков занятий в течение семестра. Тестовая форма экзамена полностью исключает подобный субъективизм, и оценивается работа студента только по знаниям.

Если традиционная форма экзамена обязывает студента обосновывать свой ответ, приводить примеры и доказательств, то тестовая форма экзамена, конечно, этого не требует, и, как выражаются некоторые преподаватели, «тестовая форма экзамена — вообще безмолвна». Однако нельзя утверждать, что это может отучить студента от грамотного изложения своих мыслей и т.д., поскольку этому студент должен учиться во время семинарских занятий, при выступлении с докладами, при защите курсовых работ, при сдаче коллоквиумов и контрольных работ и т.д.

**Ни традиционная, ни тестовая форма экзаменов не должны ставить перед собой цель проверить знания только один раз и только на экзамене, разобраться во всем только во время экзамена. В любом случае знания студента должны оцениваться с учетом успеваемости в течение семестра.**

или разной сложности, учитывая значимость и сложность каждого раздела.

Если традиционная форма ставит на первое место логическое размышление студента по заданному вопросу, то при тестировании это невозможно осуществить. Однако и тестовые вопросы могут включать такие, на которые студент мог бы ответить только после логического размышления.

Традиционная форма экзамена не

оцениваться с учетом успеваемости в течение семестра. Кроме того, нельзя придавать традиционной форме экзамена «воспитательную роль», поскольку экзамен — это неотъемлемый элемент учебно-воспитательного процесса, а не орудие воспитания.

Традиционная форма экзамена проводится при непосредственном и живом общении преподавателя со студентом. Однако это имеет свои

Г.С. МИНАЖЕВА,  
начальник отдела тестирования  
УМУ, к.х.н., доцент

Материал подготовлен по поручению проректора по учебной работе Ж.Д. Дадебаева

Профсоюзная жизнь

## С ЗАБОТОЙ О КОЛЛЕКТИВЕ

19 декабря в КазНУ им. аль-Фараби прошла профсоюзная конференция, на которой были подведены итоги деятельности профсоюза сотрудников университета «Парасат» за 2002 год.

Основным пунктом в повестке дня конференции был отчет председателя профсоюза М.Т. Мукашевой о деятельности организации в нынешнем году. Докладчик отметила, что в последнее время у нас произошло много заслуживающих внимания событий. В связи с трансформацией вузовской системы Казахстана наш университет получил статус национального, подтвердив при этом свое заслуженное место флагмана научно-образовательной системы. Профсоюз «Парасат», имеющий статус автономного, прошел регистрацию, изменив Устав в соответствии с новыми законодательными нормами страны. Объект постоянного внимания профсоюза — законные права и интересы членов профорганизации, вопросы занятости, создание нормальных условий труда, здоровье сотрудников. Особо стоит отметить совершенствование Коллективного договора. При его заключении было организовано обсуждение его проекта во всех структурных подразделениях.

2002 год в Казахстане объявлен Годом здоровья. В его рамках в КазНУ профсоюз и кафедра физвоспитания провели факультетские и общеуниверситетские мероприятия, являющиеся традиционными: спартакиаду «Здоровье», Женскую

спартакиаду, «Праздник зимы», спортивные мероприятия в СОЛ КазНУ на озере Иссык-Куль и др. В этом году профком КазНУ стал инициатором проведения 15-17 ноября Межвузовской спартакиады, в которой приняли участие ведущие высшие учебные заведения республики.

КазНУ имеет уникальную базу на Иссык-Куле для летнего отдыха преподавателей и студентов. Летом этого года в полной мере был использован многоэтажный корпус, сданный в эксплуатацию в 2001 году, это позволило в значительной степени поднять уровень сервиса. Финансовая профсоюзная поддержка летнего лагеря заключалась в предоставлении дотации на удешевление стоимости путевок сотрудникам университета и их детям.

Продолжаются работы по реконструкции пригородного школьного лагеря «Восток-3». Профсоюз выделял в этом году суммы, необходимые для поддержания территории лагеря в порядке. Уже составлена смета на полное восстановление этого учреждения, часть расходов будет покрыта из бюджета профсоюза. Также решается вопрос о возобновлении работы санатория-профилактория. Сейчас здание арендует медицинская фирма, но скоро по договору этой фирмы и администрации университета сотрудники КазНУ смогут получать бесплатные консультации врачей и некоторые медицинские услуги.

На конференции председатель профсоюза М.Т. Мукашева вручила Грамоты наиболее активным членам профкома, отличившимся председателям профсоюзных бюро подразделений и рядовым членам профсоюза за организацию и проведение различных мероприятий.

Найля САДЫКОВА

Съезды



## Евразийской ассоциации вузовских профсоюзов — 15 лет

Главная цель — обмен опытом профсоюзной и общественной работы в условиях постоянно изменяющейся действительности. За прошедшие годы деятельность Ассоциации способствовала сплочению вузовского профсоюзного движения в странах СНГ. В настоящее время ЕАПОУ объединяет профсоюзные организации 57 классических университетов. Программа юбилейной встречи лидеров профсоюзов была обширна, разнообразна и полезна для обобщения и популяризации передовых методов работы. К участникам съезда с приветственным словом обратился ректор МГУ академик В.А. Садовничий.

Среди выступавших на съезде были представители российского правительства, Госдумы РФ, профсоюзам и других официальных и общественных структур. О работе своих организаций, поисках, находках рассказали председатели профсоюзов университетов Беларуси, Украины, Кыргызстана, Азербайджана, Таджикистана, Узбекистана. С вниманием и интересом было

В начале декабря в Московском государственном университете им. М.Ломоносова состоялся юбилейный съезд Евразийской ассоциации профсоюзных организаций университетов. Появилась она 15 лет назад, когда начались активные процессы обновления общества.

выслушано выступление председателя профсоюза «Парасат» КазНУ им. аль-Фараби М.Т. Мукашевой, члена президиума ЕАПОУ. Она отметила, что «Парасат» — одно из крупнейших вузовских общественных объединений, включающее около 4 тысяч членов. Работа осуществляется в тесном сотрудничестве с администрацией, вопросы жизни коллектива решаются на правах социального партнерства.

По итогам работы съезда были выработаны рекомендации, согласно которым в ближайшие годы главными задачами университетов становятся укрепление социальных гарантий, необходимость кардинального увеличения заработной платы, доступность образования для населения.

Общая совместная работа или реализация конкретных проектов на многосторонней основе будет возможна при условии укрепления Евразийской ассоциации профсоюзных организаций университетов как организационного и методического центра. (Наш корр.)



Мүшәйра

Журналистика факультетінің N5 жатақханасында желтоқсанның 19-ы күні жыр мүшәйрасы болып өтті. Қашанда көсемсөзбен от көсеп, шешен тілмен рух көтеруді мақсат тұтатын бұл факультетте жүректерінен пыр-пырлап ұшқан қауырсын қанат жырларын қағаз бетіне түсіріп жүрген балаң ақындар аз емес екен. Жас ақындардың аяқ алысын, бағыт-бағдарын байқап көру мақсатында өткізілген осынау жыр кешін журналистика факультетінің магистранттары А.Ертасова, Т. Оспанбаева, К. Бұрханбаевалар ұйымдастырды. Мүшәйраның бір ерекшелігі – барлық ақын



күттіретінін айта кеткеніміз жөн. Мүшәйраға төрелік еткен факультет деканы, ақын Б. Жақып, ақын А.Ахметбекұлы, сатирик Е.Шайқыұлы, белгілі айтыскерлер Б.Әшірбаев, Т. Жамановтар да өз өлеңдерінен жашу шашып, іздерін басып келе жатқан жас толқынға сәттілік тіледі. Сондай-ақ, бүгінгі өлең өлкесінде ерекше көзге түсіп жүрген ақын М. Райымбекұлы жас ақындарға жылы лебізін арнады. Жыр кешінің жүлдегерлері арнайы сыйлықтармен марапатталды. Сонымен, мүшәйра

ӨЛЕҢМЕН ӨРМІҢЕН КЕШ

студенттер өлең оқығанымен, бәйге тек бірінші курс студенттері арасында ғана сарапқа салынды. Кеш барысында оқылған екінші курс студенттері О. Садықбеков, Ө. Әбдіхалық, Д. Анашевтардың өлеңдері жыр сүйер қауымды ерекше тәнті етті. Кезекпен ортаға шығып жырларын оқыған жауқазын жүрек ақын бозбалалар мен бойжеткендердің көздерінде ұшқын, кеуделерінде жалын бар еді. Олардың дірілдеп барып басталып, арнасын табатын өлеңдерінде әлі де болса балалықтың бал шырын дәмінің иісі аңқыған өрнектер көбірек байқалады. Әсіресе, Данияр, Асхат, Жұмахан, Зүлфия, Мөлдір секілді балауса ақындардың болашағынан үлкен үміт

қорытындысында бірінші орынға Е. Азанбек, екінші орынға Н. Қабдай, үшінші орынға А. Дүйсенбайқызы лайық деп танылды.

Тағы бір көңіл қуантарлық жаңалықты факультет деканы, ақын Б. Жақып хабарлады. Жыл сайын өткізілетін дәстүрлі “Әуезов кеші” биыл 27 желтоқсан күні сағат 16.00-де Жазушылар Одағында өтпек екен. Сонда осы мүшәйраға қатысқан өлеңдер де оқылатынын айтып өтті. Бұл шақыру да жас ақындардың көңілдеріне қанат бітіргендей болды.

Сонымен, мүшәйрада оқылып, жүлде алған өлеңдерді газет оқырмандарының назарына ұсынуды жөн көрдік.

Торғын ТҰРЛЫБАЕВА

Дөңгелек үстел

“Отандастар”  
тіл тазалығына  
шақырады

Желтоқсан айының 6-жұлдызында “Отандастар” қазақ тіліндегі қарым-қатынас клубының ұйымдастыруымен “Ғабит Мүсірепов және тіл тазалығы мәселелері” атты дөңгелек үстел болып өтті. Дөңгелек үстелдің бұлай аталуының да мәнісі бар. Кезінде классик жазушының қазақ тілін шынайы қалпында сақтау мәселелеріне арналған “Ана тілін ардақтай білейік”, “Авгийдің атқорасынан бастайық” сияқты мақалалары талай тілбұзарды тезге салғаны сөзсіз.

Жазушының ізімен ауызекі сөйлеудегі тіл шұбарлығы мен мемлекеттік тілге немқұрайлы қараушылықты сынап қана қоймай, тәртіпке шақыру “сөзді сүйшілердің” - филологтардың міндеті. Қазақ тілінің бүгінгі таңдағы күрделі мәселелерін филолог студенттер бірінші рет көтеріп отырған жоқ. Ана тіліміздің бүгінгі таңдағы жай-күйі баспасөзде жазылып, мінбелерден айтылып жүрген дәстүрлі тақырыптың біріне айналды. Сонда бұл дөңгелек үстелдің мақсаты не? Құрғақ сөзді сапырып, ауызбен орақ ору ма?

Мәселе мынада. Қазіргі кезде студенттердің ауызекі сөз қолданысынан бастап ресми түрдегі терминдерді қазақ тіліне аударуға дейінгі аралықта олқылықтар толып жатыр. Қарапайым мысал, көшедегі жайпаған жарнамаларды алыңыз. Олардан қазақтың рухани жан-дүниесіне ғана емес, туған тіліне де жасалып жатқан қастандықтың сан түрін байқауға болады.

Дөңгелек үстел басына жиналғандардың мақсаты да осындай келесіздіктерді жоюдың жолдарын іздеу. Мәжілісті факультет деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор Қансейіт Әбдешұлы сөз сөйлеп ашып, клуб президенті М.Өскенбаева жүргізіп отырды. Баяндамашылар кезінде В.В.Радлов, Мелиоранский сияқты әлемге танымал ғалымдар тамсанған шұрайлы тіліміздің бүгінгі хал-ахуалынан сөз қозғап, бұрын айтылмаған, айтылса да мәселе етіп көтерілмеген тоқсан түйін, толғаулы мәселелерді қозғады.

Студенттердің сөздік қорына сініп кеткен, ана тілінің шұрайын бұзатын сөздер туралы А.Ерғазыұлы баяндама жасады. БАҚ-тағы жазу, сөйлеу мәдениеті де өз дәрежесінде деп айту ертерек сияқты. Қайта қазіргі заманғы кейбір журналист жолдастар кәсіби жағынан жетілудің орнына құлдырап бара жатыр ма, қалай? Осы жөнінде мәселе көтерген Ж.Сұлтанмұрат, Т.Сапаева, М.Әбдірахманованың баяндамаларынан кейін аға бұшпа тән жазу, сөйлеу шеберлігі бүгінгі жас журналистерден байқалмауы нәліктен деген сұрақ көкейден кетпей қойды.

Мәжіліс жұмысын клуб жетекшісі, филология факультетінің аға оқытушысы Ләйла Мұсалы қорығындылап, қазақ тілі төңірегіндегі қолға алынған мәселелер нәтижелі болу үшін осындай дөңгелек үстелдерді жүйелі түрде өткізіп түру қажеттігін атап көрсетті.

Шарафат ЖЫЛҚЫБАЕВА,  
филология факультетінің 3 курс студенті



I-орын

Ербол  
АЗАНБЕК

Толқын қызға

Күшағында сезімнің толқу бақыт,  
Өтер жастық, үмітпен өтер уақыт.  
Көз алдымда көктем боп жүре берші,  
Толқын шашты  
Толқын қыз толқындалып.

Келбетіңе қызыға қарауменен,  
Жанарыңнан жанған бір алау көрем.  
Көздеріңнен айналдым шуақ шашқан,  
Сөздеріңнен айналдым алаулы өлең.

Ұсынсам ба өзіңе көктем гүлін,  
Ұсынсам ба жұлдыздың көктем бірін.  
Әлде, саған толқын қыз оқиын ба,  
Фаризаның жүректен төккен жырын.

Қоштасар сөт...  
Көңілім толқуда анық.  
Қарайламас күндер-ай артын бағып.  
Толқын кетіп барады толқын шашы,  
Самалымен көктемнің толқындалып.



II-орын

Нұрлан  
КАБДАЙ

Арман

Арман, арман, таусылар ма екенсіңдер?  
Сырлар тұнған қияли мекенсіңдер.  
Ойға шомсам көкейден табылғанмен,  
Кейде тіптен танымас бөтенсіңдер.

Айға арман Күннің сәл жылулығы,  
Қурайға арман жартастың жылу, ығы.  
Аруға арман сұлтаны жігіттердің,  
Жігітке арман қыздардың сұлулығы.

Айдыңға арман аққудың егіздері,  
Шөлге арман тулаған теңіздері.  
Арман болса сезімге сүйер жүрек,  
Жүрекке арман жүректің лебіздері.

Мендегі арман таусылар күнің бар ма?  
Жаңбыр да арман, жабырқау күнім де арман.

Қайталанбас екенін сезсем-дағы  
Сені күткен сонау кеш, түнім де арман.



III-орын

Анар  
ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

Ақиық ақынға арнау

Жыр-жанартау  
Толқындап намысты ұлдан,  
Хантөңірмен ұшғасып таныс тұлған.  
Мұқағали Музаға мұңын шағып,  
Мұңды жырмен тағдырын табыстырған.

Халықтың жыршысысың дара туған,  
Жыр-Анадан ерекше жаратылған.  
Сал, сері, сазгер, ақын басын иіп,  
Нәр алып жүр өзіңдей нар ақыннан.

Жырымен қалың елді баурап алған,  
Жоңкіліп жанарында таудай арман,  
Әр жүреkte ошпейтін нұр боп жандың,  
Қырықтың бесеуінде-ақ, қайран ағам!

Асыл жырдан сомдалып алып тұлған,  
Көтерілдің мұзбалақ болып қырдан.  
Өнер қуған ұл-қызға өрімдейін,  
Шамшырақсың мәңгілік жанып тұрған.

Клуб

Махаббат - мәңгілік әлем

20 желтоқсан күні ҚазҰУ-дың N18 заң факультетінің жатақханасында “Қыз Жібек пен Төлеген” атты пікірсайыс клубының тұсаукесер рәсімі болып өтті.



Клубтың мақсаты – студенттердің басын қосып, өздерін толғандырған мәселелерді талқылап қана қоймай, бір-бірімен жақынырақ танысуына жол ашу болып табылады. Сырласу клубының құрылуына басты себепші болған Ғылыми кітапхана директоры Е.Әбілқайырова кештің ашылу сәтінде сөйлескен сөзінде: “Сан ғасырлар бойы мәңгілік махаббаттың қос шынарындай болған Жібек пен Төлегеннің ұлы сезімдері сендерге үлгі болатынына сенемін. Біздің мақсатымыз да осы. Осындай ойы ұшқыр, көңілі ояу ұл-қыздарымыздың бір-бірімен табысуына себепші болу”, - деп атап өтті. Сондай-ақ, осынау ізгі бастаманы ұйымдастыруда үлкен еңбек сіңірген кітапхананың көпшілікпен жұмыс жүргізу бөлімінің қызметкері Н. Малдыбаева, заң факультеті деканының орынбасары Ө. Сейітжанов секілді жандардың есімдерін ілтипатпен атай кеткеніміз жөн. Ғашықтар өнімен шымылдығын ашқан кеш барысында биязы мінездерімен, көріктерімен көз тойдырған қос жас, тіл және тәрбие бөлімінің қызметкерлері Рахат пен Қанағат жаңадан шаңырақ көтеріп отырған игі бастаманың қадамына ақ жол тіледі. Кешті журналистика факультетінің 1 курс студенті Д.Сейсембеков пен география факультетінің 3 курс студенті А. Садықова жүргізді. Жиналған студенттер қауымы “Махаббатсыз дүние бос” тақырыбы аясында туындаған сан түрлі мәселелерді талқыға салды. Атап айтқанда, “Қазіргі кезде шынайы махаббат сезімі бар ма? Есеппен тұрмысқа шығу дегенге қалай қарайсыз?” т.с.с. сұрақтар төңірегінде қызу талас туды. Студент жастардың өз қолдауымен бұл пікірсайыс барысында айтылған ұтымды ой, оң көзқарастар көп болды.

Бану ӘДІЛЖАНОВА,  
“Қыз Жібек пен Төлеген” клубының мүшесі



Денсаулық - 2002

# Студент жастар СПИД-ке қарсы



Рахат ТҮРЛҰХАНОВ, белгілі өңші, республикалық "Жастар салауатты өмір салтын тандайды" қоғамдық бірлестігінің төрағасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенті

Бұл игі шараның өткізілуіне ҚазҰУ-дың ректоры Төлеген Әбдісағиұлы, университет өкімшілігі, сондай-ақ, шетелдік «Фармактив» компаниясы, PSI халықаралық әлеуметтік маркетинг ұйымы, БҰҰ-ның СПИД-ке қарсы күрес бойынша

1 желтоқсан - Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күні екендігі көзі қарақты адамның баршасына мәлім. Осыған орай Алматы қаласы бойынша көптеген іс-шаралар реті өткізілген еді. Солардың бірі желтоқсан айының 5 жұлдызында Ә.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында университеттің «Сұңқар» студенттер кәсіподағының ұйымдастыруымен өткізілген «Қазақ ұлттық университетінің студенттері СПИД-ке қарсы!» атты ізгілік акциясы.

халықаралық UNAIDS ұйымы, Республикалық СПИД-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығы, және «Жастар салауатты өмір салтын тандайды» атты республикалық қоғамдық бірлестігі ұйытқы болды.

Акцияны қолдап Рахат Тұрлыханов, Ромео, Сана, Капучинно, Пилот сияқты өңшілер қатысып, өз өнерлермен кеш мерейін өсіре түсті. ҚазҰУ-дың өнерпаз студенттері де өз өнерлерін ортаға салды.

Әрине, бұл кеште СПИД дерті туралы көп айтылды. Әр студентке арнайы өзірленген СПИД жөнінде



ақпараттық материалдар жазылған парақшалар үлестірілді.

Бүгінгі күнге дейін СПИД ауруы Дүниежүзінің қаншама жалынды жастарын жалмап алды. Ал жастар – ертеңгі ел болашағы. Сондықтан бұл аурумен күресудің, оның таралуына жол бермеудің маңызы өте зор. Осындай акциялардың ұйымдастырылуы да, жастарды бұл аурудан аулақ жүруіне септігін тигізетін ерекше шара екендігі анық.

Құралай МИРСЕИДОВА,  
ҚазҰУ-дың студенті

## БЛАГОДАРСТВЕННОЕ ПИСЬМО

Мы, сотрудники общежития №4 и студенты географического факультета Казахского национального университета им. аль-Фараби выражаем благодарность ректору Төлегену Абдисағиевичу Кожамқұлову и проректору по общим и производственно-хозяйственным вопросам С.Т.Шалғымбаеву за проявление отцовского внимания к нуждам

сотрудников и студентов общежитий, за приобретение необходимого жесткого и мягкого инвентаря (новая мебель, постельные принадлежности и т.п.) и за денежные премии.

Зав. общежитием №4  
КУДАЙБЕРГЕНОВА Р.С.,  
дежурные, уборщицы,  
магистранты и студенты (всего  
12 подписей)

## Бұлшық ет

# ҚазҰУ-ліктер ерледі

14-16 желтоқсанда Т. Рысқұлов атындағы Экономика университетінің спорт кешенінде "Денсаулық жылына" және Б.Момышұлын еске түсіруге арналған дәстүрлі XIV-ші қазақтың ұлттық спорт түрлерінен қалалық апталығы бойынша күрестен жарыс өтті. Осы сында ҚазҰУ-дың денешынықтыру кафедрасының жаттықтырушысы, самбо, суммо, қазақша күрес түрлерінен спорт шебері Ф. Қойшымановтың шәкірттері қатынасып, жүдделі орындарға ие болды. Экономика факультетінің студенті Қ. Құдагелді 55 келі салмақта екінші орынды иеленсе, 90 келі салмақта үшінші орынға табан тіреген Е. Маханов пен 105 келі салмақта өнер көрсеткен биология факультетінің студенті Б. Дауытов болды. Және осы жарыста әділ төрешілік еткені үшін Ф. Қойшыманов та марапатталды. Жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар табыс етілді.

Думан АНАҚ

## Сезімді қайтем...



# Жыр алыбының мұражайында

Міне, көптен күтіп, қиялмен көз жүгірткен күнге жетіп, студент атандым. Алғаш университет табалдырығын аттаған маған таңсық нәрселер көп еді. Осы екі, үш ай ішінде солардың біразымен танысып та үлгердік.

Студенттік өмірдің өзі қызық. Біз алғаш келгенде бүкіл бірінші курс студенттері болып, нөмірі алтыншы дөрісхананы таппай адасқанымыз әлі есімнен кетпейді. Біздің бұл жерде білім алып қана қоймай, мектепте кітаптан ғана оқып таныс болған ақын-жазушылармен кеңірек танысуға жағдай жетерлік. Соның бірін айтар болсақ, жақында біз қалаға жақын жердегі Жамбыл ауылындағы жыр алыбы Жамбылдың мұражайына ұстазымыз Жолдасбек Мәмбетов ағайдың басқаруымен барып қайттық. Мұражайға барар жолда Қарасай батырдың ескерткішін көрдік. Мұражайдың алдында ақынның өз ескерткіші орналасқан. Ақынның мұражайы негізінен он екі бөлмеден тұрады. Оның алты бөлмесі ақынның көзінің тірісінде пайдаланған заттары болса, ал қалған бөлмесі ақынның мерейтойында сыйға гартылған заттар мен кітаптар қойылған. Ақынның әр бөлмесі әр нәрседен хабар беріп, мұражайды аралағанда біз алғаш Жамбылмен толықтай танысқандай болдық. Ондағы әр заттың өзіндік тарихы бізді қалың ой құшағына жетеледі.

Мұражайдан шыққаннан кейін біз Жамбыл бабамыздың басына барып құран оқыдық. Ақынның жанына қазақтың жүрегін өсем күйімен тербеткен ұлы композитор Нұрғиса Тілендиев жерленген екен. Композитордың ескерткішінің қасында бейнеленген қос аққу еріксіз атақты "Аққу" күйін еске түсірді. Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген бізге, ол жердің табиғаты, ақынның мұражайы ерекше әсер қалдырды.

Осындай студенттерді ізденістер мен өнерге жетелейтін мұражайлар көбейсе, студенттер ақын-жазушылардың өнердегі, өмірдегі жолымен танысуға мүмкіншілік алар еді. "Ғалымның аты өлсе де, хаты өлмейді" деген, мұндай мұражайлардың жастар жанын рухани байытуға, тарихымызға терең үңілуімізге қосар үлесі зор.

Ұлбосын КЕРІМБЕКОВА,  
филология факультетінің 1 курс студенті

## Конференция

# Қаржылық саясаттың қазіргі жағдайы

Қараша айының 29-30 күндері экономика және бизнес факультеті ұжымының ұйымдастыруымен "Қазақстанның нарықтық экономикасының қаржы-несиелік проблемалары" атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.

Конференцияны университеттің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, профессор А.И.Купчишин кіріспе сөз сөйлеп ашып, одан әрі жүргізіп отырды. Экономика және бизнес факультетінің ардагер ұстазы, ҚР ҰҒА-ның академигі Я.Әубәкіров "Нарықтық қатынастағы экономикалық теориялардың жаңа аспектілері" деген тақырыпта баяндама жасады.

Екі күнге созылған конференцияда бағдарлама бойынша факультет деканы, профессор

Р.Е. Елемесовтің жетекшілігімен "Қаржылық және қаражатты-несиелік қатынастардың дамуының бүгінгі әдістемелері мен теориялары", профессор В.Д. Лидің жетекшілігімен "Қаржылық саясат және стратегияның бүгінгі кезеңдегі экономикалық өсуі", профессор С.С.Оспановтың жетекшілігімен "Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептеу мен есептің халықаралық стандартқа өту проблемалары", профессор К.Е.Кубаевтың жетекшілігімен "ҚР Салық жүйесі: қазіргі жағдайы, тенденциялары және даму перспективалары" деген тақырыптарға негізделген төрт секция жұмыс істеді. Секция жұмыстары барысында еліміздің бүгінгі экономикалық дамуының жай-жапсарына қатысты алуан түрлі мәселелер кеңінен сөз болды.

Өз тілшімізден

## Фотоэтиюд



Гүлмира АХМЕТОВА,  
ҚазҰУ-дың 4 курс-студенті

Саяқты санға қосып сыртта қалған,  
Адал жар, азаматқа жұп бола алған.  
Керемін емірсерік өнегесін  
Ақжүніс, Камка, Назым, Құртқалардан.  
Исраил САПАРБАЙ

## Құрметті, оқырман!

Өздеріңізге белгілі, биылғы жылғы газет-журналдарға жазылу науқаны аяқталуға жақын. Сіздер тарапынан солардың арасындағы сүйікті басылымдарыңыздың бірі "Қазақ университеті" газетіне де жазылады деген сеніміміз мол. Асығыңыздар!

Газеттің индексі - 65989.  
Бір жылға жазылу бағасы - 521 теңге 76 тыын.

Газетке жазылу еліміздің кез-келген нүктесіндегі байланыс бөлімшесінде жүзеге асырылады.

## Баспасөз-2003



## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;  
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;  
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;  
Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;  
М.Т. МҰҚАШЕВА - "Парасат" кәсіподағының төрайымы;  
Л. ҚАЙЫПОВА - студенттердің "Сұңқар" кәсіподағының төрайымы.

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор -  
Бекжан Әшірбаев;  
Бас редактордың орынбасары -  
Ербол Әбдірәсілов;  
Жауапты хатшы -  
Дариға Амангелдіева;  
Теруші - Айтгүл Бабасова;  
Көркемдеуші-беттеуші -  
Айдын Әбдібекұлы;  
Фототілші - МАМЫРЖАН;  
Нөмірдің кезекші редакторы -  
Сәндібек Жүбаниязов.

## МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы,  
әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат,  
№1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 47-29-29,  
ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
"Полиграфсервис" баспаханасында  
(Жандосов көшесі - 55)  
24.12.2002 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы - 3000 дана.  
Көлемі 2 б.т.  
Индексі 65989.  
№ 541 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

"Қазақ университетіне" жарияланған мақала көшіріліп басыла, сілтеме жасалуы міндетті.